

10. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН ТӨЛЕМ КЕЗІНДЕГІ ЖЕҢІЛДІКТЕР

10.1 «АТУ» АҚ білім алушыларына көрсетілетін білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер:

№	Жәрдемақы түрі	Бір оқу жылы үшін жеңілдік сомасы, %
1	Табиғи апаттардан (су тасқыны, өрт және т.б.) отбасылары зардап шеккен білім алушыларға.	50%
2	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға	30%
3	Қамқоршы тағайындалған немесе патронаттық тәрбие туралы келісім жасасқан білім алушыларға.	25%
4	Жалғыз басты білім алушы-анаға	30%
5	Кәмелетке толмаған үш және одан да көп балалары бар отбасынан шыққан, мүгедек ата-анасының немесе зейнеткердің тәрбиесіндегі білім алушыларға	25%
6	Кәмелетке толмаған үш және одан да көп баласы бар, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен толық емес отбасынан шыққан білім алушыларға.	25%
7	Мүгедек немесе зейнеткер жалғыз басты ата-ананың қолында тәрбиеленген білім алушыларға.	20%
8	Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен жалғыз басты ата-ананың қолында тәрбиеленген білім алушыларға.	15%
9	Толық емес бір отбасынан шыққан, екі және одан да көп білім алушы «АТУ» АҚ ақылы негізде бір уақытта оқып жатқан жағдайда	Әр білім алушыға 25%
10	Ата-анасы «Күміс алқа» немесе «Алтын алқа» белгісінің иегері болып табылатын отбасынан шыққан екі және одан да көп білім алушы «АТУ» АҚ-да ақылы негізде бір уақытта білім алған жағдайда.	Әр білім алушыға 20%
11	«АТУ» АҚ-да табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасынан шыққан екі және одан да көп студенттер ақылы негізде бір уақытта білім алған кезде	Әр білім алушыға 20%
12	Ата-анасы «Күміс алқа» немесе «Алтын алқа» белгісінің иегері болып табылатын, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасынан шыққан білім алушыларға.	тиісінше 15% және 20% дейін
13	1 топтағы мүгедек білім алушыларға	20%
14	2 немесе 3 топтағы мүгедек білім алушыларға	15%
15	Табысы күнкөріс деңгейінен төмен мүгедек бала тәрбиелеп отырған көп балалы отбасынан шыққан білім алушыларға	15%
16	3 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар, ата-анасының екеуі де мүгедек және/немесе зейнеткер болып табылатын, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасынан шыққан білім алушыларға	15%
17	3 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар, ата-анасының біреуі мүгедек және/немесе зейнеткер болып табылатын, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасынан шыққан студент	10%
18	Бірінші академиялық кезеңде оқитын 1 курс студенттерін қоспағанда, оқудың алдыңғы академиялық кезеңінде GPA 3,0 және одан жоғары үлгерімі бар және академиялық берешегі жоқ "Алтын белгі" белгісін, ерекше үлгідегі аттестатты иеленуші	15%

	білім алушыларға	
19	Бірінші академиялық кезеңде оқитын 1 курс студенттерін қоспағанда, табысы күнкөріс деңгейінен төмен, оқудың алдыңғы академиялық кезеңінде GPA үлгерімі 3,0 және одан жоғары, академиялық берешегі жоқ көп балалы отбасынан шыққан білім алушыларға	10%
20	Бірінші академиялық кезеңде оқитын 1 курс студенттерін қоспағанда, табысы күнкөріс деңгейінен төмен, оқудың алдыңғы академиялық кезеңінде GPA үлгерімі 3,0 және одан жоғары, академиялық берешегі жоқ көп балалы-қандас отбасынан шыққан білім алушыларға	10%
21	«АТУ» АҚ-да 10 жылдан астам еңбек өтілі бар қызметкерлердің балаларына	10%
22	Халықаралық-Республикалық-ғылыми, әлеуметтік және спорттық жобалар, конкурстар, олимпиадалар мен жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне	50% 20 %
23	Қос диплом бағдарламасы бойынша білім алушыларға («АТУ» АҚ халықаралық серіктес ЖОО)	бағдарламаға байланысты, 30% дейін
24	Интегралды GPA негізінде «АТУ» АҚ ғылыми, қоғамдық, мәдени өміріне белсенді қатысатын білім алушыларға	10%